

"АЗИЯ СЕРВИС ӘУЕ ЖОЛЫ" АКЦИОНЕРЛІК АВИАКОМПАНИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 13
мамыр 1994 ж. N 505**

Қазақстан Республикасының ішкі желілерінде авиация тасымалдарын дамытудың нарықтық жағдайларын жасау және жолаушыларға жоғары сапалы қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттің қатысуымен "Азия сервис әуе жолы" акционерлік авиакомпаниясы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті кәсіпорындар мен компаниялардың "Азия сервис әуе жолы" авиакомпаниясына кіруі мен қатысу тәртібін белгілесін.

3. "Азия сервис әуе жолы" акционерлік авиакомпаниясы орналасатын жер Атырау қаласының аэропорты болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Атырау - Алматы - Атырау, Ақтау - Алматы - Ақтау авиация желілерін белгіленген тәртіппен "Азия сервис әуе жолы" акционерлік авиакомпаниясының пайдалануына берсін.

5. "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы қолданатын тарифтерді "Азия сервис әуе жолы" акционерлік авиакомпаниясы тұрақты рейстерге енгізген жағдайда "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының қызметіне мемлекеттік қолдауды көздейтін Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінің күші "Азия сервис әуе жолы" акционерлік авиакомпаниясына да қолданылатын болып белгіленсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі